

«Ұлы дала ұрпақтарынан жеткен тәуелсіздік»

Тәуелсіздік мерекесі - бүкіл Алаш баласының рухын көтеріп, еңсесін тіктейтін, әр қазақты мақтаныш пен шаттыққа бөлейтін мереке. Биыл тәуелсіздігімізге - 27 жыл. Осыған орай қаламыздағы облыстық № 2 ғылыми әмбебап кітапханасының «Ұлы дала ұрпақтарынан жеткен Тәуелсіздік» – атты кітап көрмесі Арқалық қаласындағы политехникалық колледжінің мерекеге орай ұйымдастырған «Желтоқсан жаңғырығы» атты кеште студенттер назарына ұсынылды!

Тәуелсіздік - бастауы бар бақыттың,

Тәуелсіздік - ұлтың менен ұраның!- деп ата - бабамыз армандаған тәуелсіз күн арайланып атып, көк байрағымыз көкте желбіреді. Сонымен қатар Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың осы мақсатта атқарған істері көз алдымыздан өтетіні де белгілі. Міне, осыдан кейін әлем жұртшылығының Қазақстанға деген көзқарасы күрт – өзгерген.

Соңғы жылдардағы қазақ тарихында халқымызға үлкен рух берген осы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі мен 1991 жылғы Тәуелсіздігіміз екеніне дау жоқ.

Тәуелсіздік - ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі.

Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз! Сондықтан да біз үшін тәуелсіздік күші - ең қадірлі күш.

Осыған орай кітап көрмесіне де сол желтоқсаннан жайлы, еліміздің тәуелсіздігін ұғындыру, Отанға, елге деген сүйіспеншілігін арттыру барысында оқырман қауымға, студенттерге арнайы әдебиеттерден шолу жасалынды.

Көрмеде сонау желтоқсан жайлы, Елбасымыздың Тәуелсіздікке жету жолындағы атқарған еңбектері және осы Тәуелсіздік жетістіктері жайлы әдебиеттер топтастырылды.



